

Пән сипаттамасы

«Экономиканы ақша-кредитпен реттеу» пәнін зерделеу кезінде ақша-кредитпен реттеудің теориялық негіздері Экономиканы мемлекеттік реттеудің элементі ретінде қарастырылады – оның мәні, негізгі тұжырымдамалары, түпкілікті, аралық және операциялық мақсаттары, әдістері мен құралдары. Қазақстандағы ақша-кредиттік реттеу мәселелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазіргі ақша-кредит саясатына ерекше назар аударылады.

Әлемдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық жағдайында экономиканы ақша-несиелік реттеудің рөлі бірнеше есе артып келеді. Қазақстан экономикасы, бүкіл әлемдік экономика сияқты, пандемия жағдайында экономикалық құлдырау жағдайында тұр.

Бұл жағдайда елге макро және микро деңгейде, әсіресе қаржы саласында болып жатқан күрделі экономикалық құбылыстар мен процестерді басқаруда жаңа тәсілдер қажет, өйткені ол экономика саласының айналым құралдарымен қамтамасыз ететін экономикалық жүйенің тірек құрылымы болып табылады. Бұл ретте ел экономикасын реттеудің ақша-несиелік және қаржы құралдарының рөлі және елдің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі елдегі қаржылық тұрақтылықтың жай-күйіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қаржы министрлігінің жауапкершілігі артады.

Қазіргі Қазақстан экономикасы үшін ақша-несиелік реттеудің маңыздылығының өсуі пандемия, белгісіздік және экономиканың орнықты дамуға көшуі жағдайында шаруашылықтың жаңа әдістерін енгізу қажеттілігіне байланысты. Дегенмен, қолданыстағы саясаттың тиімділігі әлі де жоғары емес. Бұл, негізінен, ақша-несиелік реттеу құралдарының бір-бірімен еркін үйлесетіндігіне және күтілетін нәтиже бермейтіндігіне байланысты болып келеді. Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттің ақша-несиелік, бюджет, салық саясатының қаншалықты сауатты құрылатыны және мемлекет пен жеке сектордың шектеулі қаржы ресурстарының қалай тиімді пайдаланылатынына байланысты Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған елдерінің қатарына кіру мүмкіндігі пайда болады.

Ақша – несие саясатының идеялары мен құралдары тұтастай алғанда қоғамдық – саяси жүйе ретінде спираль түрінде дамиды және біздің ұрпақ үшін көптеген жаңа нәрселер жақсы ұмытылған ескі болып шығады. Тәжірибелі қаржыгерлер экономика мен нарық трендтерінің өзгеруін дәл болжау қаншалықты қиын екенін біледі, бірақ мүмкін болатын сценарийлерді түсіне отырып, көп нұсқалы стратегияларды құрастыруға болады.

Бұл курс ақша-несие қатынастарының негіздерін толығырақ қарастырады, ақша-несие саясатының негізгі құралдарының әрекетін және оларды елдегі макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін пайдалану мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Бұл пән ақша-несиелік реттеудің теориялық негіздерін зерделеуден

басталады, ақша массасын, Қазақстан Ұлттық Банкі айналысатын базаны айқындау мәселелерін қозғайды, оның міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ басқа да орталық банктер мен ЕОБ қызметін айқындау мәселелерін қарастырады.

Ақша-кредит саясатының құралдарын зерделеуге және олардың банк жүйесі мен ел экономикасының экономикалық дамуына ықпалына ерекше назар аударылады. Елдің алтын-валюта резервтерінің құрамы, рөлі және инвестициялық стратегиясы анықталды